



АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІНІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ

**ПОВЫШЕНИЕ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ ПРОИЗВОДСТВА
СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОЙ ПРОДУКЦИИ**

INCREASING THE COMPETITIVENESS OF AGRICULTURAL PRODUCTION

Г.Ж. АЗРЕТБЕРГЕНОВА

э.ф.к., доцент

М.А. КУЛЬБАЕВА

э.ф.к.

Б.Б. БИМЕНДЕЕВ

PhD докторанты

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Г.Ж. АЗРЕТБЕРГЕНОВА

к.э.н., доцент

М.А. КУЛЬБАЕВА

к.э.н.

Б.Б. БИМЕНДЕЕВ

докторант PhD

Международный казахско-турецкий университет имени Х.А. Ясауи

G. AZRETBERGENOVA

C.E.sc., Associative Professor

M. KULBAEVA

C.E.sc.

B. BIMENDEEV

PhD student

International Kazakh-Turkish University named H.A. Yassavi, Kazakhstan

Аңдатпа. Отандық өндірістегі еңбек өнімділігін арттыру есебінен азық-түлік қауіпсіздігінің мәселелерін шешудің бағыттары қарастырылған. Атап айтқанда, республиканың азық-түлік тәуелсіздігіне, сондай-ақ өндірілген өнімнің бәсекеге қабілеттілігіне қол жеткізу үшін агроөнеркәсіптік кешенді дамыту бойынша шаралар кешені ұсынылды. АӨК мемлекеттік реттеу бағыттары ұсынылды. Оның тұрақты дамуына кешенді талдау жүргізілді. Ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігін арттыру бойынша тәжірибелік ұсыныстар берілді. Агроөнеркәсіптік кешен кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, оның деңгейіне әсер етуші факторлар анықталған. Саланың дамуына кедергі келтіретін тәуекелдер және олардың жағымсыз салдары анықталған. Қазақстан Республикасының 2017-2021 жылдарға арналған агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру ішкі және әлемдік нарықтарда сұранысқа ие болатын, жаңа технологияларды қолдану – цифрлық экономикаға көшудің негізі ретінде өнім өндірісінің өсуіне ықпал етеді. Аймақтық агроөнеркәсіптік кешенінің тиімді қызметінің мәселелері көрсетілген.

Аннотация. Рассмотрены направления решения проблем продовольственной безопасности за счет повышения производительности труда в отечественном производстве. В частности, для достижения продовольственной независимости республики, а также конкурентоспособности производимой продукции предложен комплекс мер по развитию агропромышленного производства. Рекомендованы направления государственного регулирования АПК. Проведен комплексный анализ его устойчивого развития. Даны практические рекомендации по повышению производительности труда в сельском хозяйстве. Выявлены факторы, влияющие на ее уровень, конкурентоспособность агропромышленных предприятий. Опре-



делены риски и их негативные последствия, препятствующие развитию отрасли. Реализация Государственной программы развития агропромышленного комплекса Республики Казахстан на 2017-2021 годы будет способствовать росту производства продукции, имеющей спрос на внутреннем и мировом рынках, применению новейших технологий – основы для перехода на цифровую экономику. Отражены вопросы эффективного функционирования регионального агропромышленного комплекса.

Abstract. The directions of solving the problems of food security at the expense of increasing labor productivity in domestic production are considered. In particular, to achieve the republic's food independence, as well as the competitiveness of manufactured products, a set of measures on the development of agro-industrial production was proposed. The directions of State regulation of AIC are recommended. A comprehensive analysis of its sustainable development has been carried out. Practical recommendations on increasing labor productivity in agriculture are proposed. Factors affecting its level, competitiveness of agro-industrial enterprises are revealed. The risks and their negative consequences, which hinder the development of the industry, are identified. The implementation of the State Program on the Development of the Agro-Industrial Complex of the Republic of Kazakhstan for 2017-2021 will contribute to the growth of production of goods that have a demand on the domestic and world markets, the use of new technologies- which is the basis for the transition to digital economy. The issues of effective functioning of regional agro-industrial complex are reflected.

Кілттік сөздер: агроөнеркәсіптік кешен, бәсекеге қабілеттілік, еңбек өнімділігі, жаңа технологиялар, тиімділік, нарық, тамақ өнеркәсібі.

Ключевые слова: агропромышленный комплекс, конкурентоспособность, производительность труда, новые технологии, эффективность, рынок, пищевая промышленность.

Key words: agro-industrial complex, competitiveness, labor productivity, new technologies, efficiency, market, food industry.

Кіріспе. Қазіргі таңда Қазақстан экономикасы әлемдік деңгейде бәсекеге қабілеттілігін арттыруда, ауыл шаруашылығы үлкен маңызды рөл атқарады.

Қазақстан Республикасының Президенті 2017 жылғы 31 қаңтардағы дәстүрлі Қазақстан халқына Жолдауында - «Қазақстан 2050 жылға қарай әлемдегі ең алдыңғы қатарлы 30 мемлекеттің қатарына қосылуға тиіс. Осы мақсатқа сай экономикалық өсімнің жаңа моделі экономика өсуінің жылдық орташа қарқынын 5-6% деңгейге қол жеткізуге бағытталуы қажет. ЖІӨ өсімінің 70%, халықтың жұмыспен қамтылуы, экспорт және инвестицияларды тарту сияқты көрсеткіштердің өсуін қамтамасыз ететін экономика секторлары өсімнің жаңа моделінің негізгі драйверлері болып табылады» [1].

Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылық саласы экономикамыздың аса маңызды бөлігі және экономикалық дағдарысты жою, тамақ және жеңіл өнеркәсіптерін дамыту, саяси-әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету жолында шешуші рөл атқарады. Сондықтан ауыл шаруашылығындағы инвестициялық саясат барлық меншік түріндегі кәсіпорындардың материалдық-техникалық базасының сапалық жақсаруын, өнімді өңдеу және өткізу

бағаларының төмендеуін қамтамасыз ету қажет [2].

Қазіргі жағдайда ауыл шаруашылығы саласындағы өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігі мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады. Сонымен қатар әлемдегі жаһандану кезеңінде еліміздің ауыл шаруашылығы саласындағы өнімдердің бәсекеге төтеп беруі үшін, саланың еңбек өнімділігін арттыру әлемдік нарықтағы өзінің бәсекелестік бағытын күшейтуде ауыл шаруашылығында еңбек ететін кәсіпорындар мен шаруашылықтар үшін өзекті мәселе болып табылады. Ауыл шаруашылығы саласындағы өнімділікті арттыру ғылыми сыйымды экономикаға негіз болуы тиіс. Саланың өнімділігін арттырудың жолы – бұл өте қиын үрдіс, қажетті шарты болып жаңа технологияларды енгізу мен қолдану болып табылады. Ауыл шаруашылығы саласындағы жаңа технологияларды енгізу бейімдеушілік үрдістің мәселелері өзекті болып табылады.

Себебі ауыл шаруашылығы саласында еңбек ететін шаруашылықтар мен кәсіпорынның сыртқы ортасы өте серпінді және бұл өзгерістер шаруашылық субъектінің нақты айналасына, сонымен қатар заңдық нормативтік базалар өзгерістеріне, сыртқы орта әсері мен айқынсыздық дәрежесінде

пайда болады. Қазіргі таңдағы әлемдік тәжірибеде саланың табыстылығы мен өнімнің өнімділігін арттырудың оң серпіні тек жаңа технологияларды енгізу жағдайында қолдану арқылы қол жеткізуге болатыны дәлелденген.

Саланың еңбек өнімділігін арттырудағы даму стратегияларын жасау – саладағы еңбек ететін кәсіпорындар мен шаруашылықтардың басшылығынан ерекше білім, дағды және көңіл аударуды қажет ететін, біршама күрделі кезеңдік үрдістер болып табылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Автордың ауыл шаруашылығы саласындағы жүргізген маркетингтік зерттеу процесі келесі кезеңдермен іске асырылды: зерттеу концепциясын жасау (мақсатын анықтау), зерттеудің жоспарын дайындау (сауалнама құрастыру), мәлімет алу (шаруа қожалықтары және басқарушылар мен еңбек ететін қызметкерлердің пікірін білу мақсатында сауалнама жүргізу), алынған нәтижеге талдау жасау болып табылды. Сонымен, мақсатқа сәйкес міндеттері болып:

– саладағы шаруа қожалықтары мен кәсіпорындарында еңбек ететін қызметкерлерінің білімі, дағдысы және ғылыми жаңа технологияларды өз шаруашылықтарына енгізу бойынша сегменттеу;

– шаруа қожалықтары мен кәсіпорындарында басшылары мен қызметкерлерінің инновациялық жаңалыққа деген пікірін анықтау;

– саладағы еңбек ететін ұжымдардың алға дамуын тежейтін ішкі мәселелерін айқындау.

Осыған орай біз ОҚО ауыл шаруашылығы саласындағы өсіруші, өңдеуші кәсіпорындардың жаңашыл іс-әрекеттерін, ондағы кәсіби мамандардың ұжымдық қызығушылығын анықтау мақсатында маркетингтік зерттеу жүргіздік.

Бастапқы кезде мәліметтерді жинау әдістері анықталып, формалары әзірленді. Сондай-ақ, респонденттерден пікір сұрау үшін сауалнама сұрақтары құрастырылды. Сауалнамада қызметкерлердің инновациялық іс-шараларға, яғни жаңа технологияларды енгізу арқылы саланың табысын молайтуға талпынысын зерттеуге арналған сұрақтар қамтылып, сараптық бағалауда кәсіпорындардың жаңашыл іс-әрекеттеріне өндірушілердің көзқарасы зерттелді, іріктеме көлемін статистикалық есептеу әдісі арқылы анықтадық.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Қазіргі таңда әлемдік экономикада инновациялық үрдістердің маңызы аса қомақты.

Инновация инвестиция ағымын арттыруда, өнім өндірушінің, қызмет көрсетушінің беделін жақсартуға, әсіресе сыртқы нарықтарға бағаны тұрақтандыруға айрықша әсер етеді. Мемлекетімізде инновациялық және технологиялық өрлеудің тежелуі немесе баяу қарқынмен дамуы, әлемдік рыноктың шикізаттық көзі болып қала беруіне соқтырады [3, б. 72]. Қазіргі кезде біздің мемлекетіміздің ұстанған саясаты, елімізде өндіріліген ауыл шаруашылығы өнімдерін тек шикізат көзі ретінде нарыққа ұсынбай, дайын өнімдерді, үлесін сыртқы нарықта көбейту болып табылады.

Экономикалық өсім үшін үлкен мүмкіндіктері бар, кез келген мемлекет экономикасының маңызды салаларының бірі – ауыл шаруашылығы болып табылады, ол адам өмірі үшін қажетті өнімдерді – негізгі азық-түліктерді және көптеген өнеркәсіп салалары үшін тұтыну заттарын өндіруге қажетті шикізаттарды береді. Ұлттық экономиканың жай-күйін ауыл шаруашылығы секторының деңгейі айтарлықтай шамада анықтайды.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы 2013 жылы 2 386,1 млрд теңгені, 2014 жылы - 2 527,8 млрд теңгені құрады. 2015 жылы ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы 3 307,0 млрд теңгені құрап, өткен жылдың тиісті деңгейінен 3,4%-ға артты (оның ішінде өсімдік шаруашылығы - 1 825,2 млрд теңге, мал шаруашылығы – 1 469,9 млрд теңге). 2016 жылы қаңтар-желтоқсанда ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы 3615,8 млрд теңгені құрады, бұл одан бұрынғы жылдың тиісті кезеңіндегі деңгейден 5,5% жоғары. Бұл өсімдік шаруашылығы өнімдері өндірісінің көлемін 4,0%-ға және мал шаруашылығы өнімдерінің өнімін 2,7%-ға өсіру есебінен қамтамасыз етілді [4].

Алайда, бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығында ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруде цифрлық технологияны қолданатын ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің үлесі көп емес, бұл егіннің өсіміне және ауыл шаруашылығын жүргізуде шығындарды қысқартуға теріс ықпал етеді.

«Ақпараттық қамтамасыз ету жүйесі болмауы аграрлық өнеркәсіп пен аграрлық ғылымның АӨК-нің инновациялық негізі ретінде іздеу, сақтау, ақпаратты жедел алу мен жеткізу, жұмысшыларға басқарма шешімін жеткізу мен әрі қарай бақылау сияқты жағдайларда тиімділігін түсіреді» [5].

Қазақстан аграрлы мемлекет. Сондықтан ауыл шаруашылығы өте маңызды рөлге ие және еліміздің экономикасының құрамдас бөлігі. Бірақ қазіргі кезеңде еліміздің экономикасындағы үлесі азаюда. 2010 жылы Қазақстан Республикасының экономикасында ауыл шаруашылығы саласы 5% шамасында, ал 2005 жылы 6,4% көлемінде, ал 2000 жылы бұл көрсеткіш 8,2% құраған болатын. Ал 2016 жылы ауыл шаруашылығы саласы ЖІӨ-нің 1% өсімін қамтамасыз етті. Осы көрсеткіштерді саралай келе, 2009 ж. дағдарысқа байланысты экономиканың тежелуі сезілгенде, бұл саланың көрсеткіші 1,2% құрап, ауыл шаруашылығы саласы үлесінің азаюына байланысты, экономикалық өсім нөлге жақындады.

Қазақстанның аумағын Аймақтық АӨК-дердің дамыту үдерістерінің сараптау нәтижесін есепке ала отырып, әлеуметтік-экономикалық жүйенің сыртқы ортаның әсерлерінің, шарттарының өзгерістеріне қарай объективті заңдылықтар бойынша құру және қалыптастыру, аймақтық агро-өндірістің кешендердегі нарықты-бәсекелестік тұрақтылығының моделі мен құралдарын жетілдіру, мәселелерді шешуде ағымдағы алгоритм тиімді сызбаны анықтау.

Ауыл шаруашылығындағы өндірілген өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың тағы бір бағыты, саланы басқарудың жетілген технологияларының бірі – кластерлік тәсілдеме. Егерде кластердің құрылымы – тапсырыстарды жеткізушілердің желісі, тауар өндірушілер, өнеркәсіптік инфрақұрылымының элементтері, зерттеу институттар, қосымша құнды жасау үдерістерінде өзара байланыстарын сипаттайды.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруда саладағы өсірілетін өнімдерді өндіру ғылымға негізделген жүйені қалыптастыруды талап етеді. Мысалы ОҚО облысындағы мақта өндірісінде дайын өнімдерді экспорттауға мол мүмкіндіктер бар. Себебі жергілікті жерде өндірілген өнімдерден дайын өнімдерді дайындап, саланың экспорттық әлеуетін арттыруға бағытталуы тиіс.

Кластердің мән-мағынасын тұрақты аумақтық-салалық серіктестік ретінде түсіну, инновациялық бағдарламаларды біріктіру, алдыңғы қатарлы өндірістік инжинирингтік және басқару технологиясын агро-өнеркәсіптік құрылымдарға енгізу кластерге қатысушылардың арасында бәсекелестік дамытудың жолы болып табылады.

Мұндай тетіктер аймақтық агломерацияның синергетикалық эффектін оңынан жүргізілуіне бағытталады, тұтынушы мен

өндірушінің жақындылығы, желінің тиімділігі және миграцияның есебінен персоналдың біліммен біте қайнасуы, біліктілігі және бизнестің ерекшеленуі. Секторлар мен қызмет түрлерінде шекара болмайды және олардың барлығы бір-бірімен байланысады.

Жаһандану мен трансұлттанудың экономикаға қатыстылығы жайлы әрдайым талқылауға қарамастан, кластерлер өзінің маңыздылығын жойған жоқ. Жаһандану шарттарында аймақтардың бәсекелестігінің қайнар көзі болып табылады [6].

Қазақстанның аумағының климаттық және топырақтарының сипаттамаларының ерекшеліктері мен жерінің үлкен көлемі бұл өңірлердің мамандану деңгейін анықтайды. Мысалы еліміздің солтүстігі дәстүрлі дәнді-дақылдар өсіруге маманданып, онда ауыл шаруашылығы жалпы өңірлік өнімнің 15%-дан 25% құрайды, ал оңтүстікте мақта, күріш, жемістер мен көкөністер өндірісімен айналысып, жалпы өңірлік өнімнің 15%-ын құрайды. Ал еліміздің басқа өңірлерінде ауыл шаруашылығы саласының мал шаруашылығы басым болып табылады және саланың үлесі 10% шамасында.

Қазақстан қауіпті ауыл шаруашылық аймағында орналасуы, сонымен бірге аграрлық шаруашылықты ескірген әдістерін пайдаланғандықтан, өндірістің жоғарғы құбылмалдылығы байқалады.

Ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің өсуі 2016 жылы 15%, 2009 жылы 12%, ал 2010, 2011 жылдары 27%, ал 2012 жылы бұл көрсеткіш 18% құрап, құлдырау үрдісі етек алды. Ал 2016 жылы ауа райының қолайлы жағдайының негізінде саладағы өнімділіктің өсу қарқыны байқалды, 2015 жылмен салыстырғанда 5,5%-ға өсті.

Ауыл шаруашылығының өсімдік шаруашылығы жалпы 39%-ды құрайды, шаруа мен фермерлік қожалықтардың жалпы көлемі 31%, тұрғындардың 30%-ын саладағы кәсіпорындар қамтамасыз етеді [7].

Тұрғындардың шаруашылығының 71% мал шаруашылығының өнімдері болып табылады, оның 15%-ы шаруа мен фермерлік қожалықтардың еншісінде, ал 13%-ы ауыл шаруашылық кәсіпорындардың үлесінде.

Қазіргі саладағы ахуалды зерттей келе, Қазақстанның өсімдік шаруашылығының өндірілген өнімдері шаруа және фермерлік қожалықтардың негізінде 30%-ы тұрғындардың үлесінде, ал 20%-ы ауыл шаруашылық кәсіпорындар еншісінде болып табылады.

Еліміздегі саладағы еңбек ететін шаруа қожалықтарын өзін-өзі қамтамасыз ететін шаруашылықтың түрлері деп, сонымен қатар қосымша кірістері нату-

ралды түрде өздерін қамтамасыз етеді деп қабылдауға болады. Мысалы тұрғындар шаруашылығындағы ірі қара малды союға өткізу көлемі 20%, бұл көрсеткіш ауыл шаруашылық кәсіпорындардың ұқсас көрсеткіштерінен төмен көрсеткіш, тауықтардың жұмыртқалауы 80%-ға төмен, сүт өнімділігі екі есеге төмен. Бұл көрсеткіштердің негізінде ауыл шаруашылығы саласындағы қызметтердің көрсеткіштерінің төмен деңгейін көрсетеді. Сонымен қатар, шаруашылықтардың жағдайының төмендігі, мүмкіндіктердің шектеулілігі агротехникалардың ескіруі, ауыл шаруашылығындағы ғылым үлесінің аздығы, қаржыландыру қиындықтары саланың дамуына кері әсерін береді.

Қазіргі таңда ауыл шаруашылығы саласындағы нарыққа шығаруға бағытталмаған аз тауарлы ауыл шаруашылық өнімдері, өнімнің сапасының талапқа сай болмағаны тауар сапасының төмендігін көрсетеді [8].

Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорттық әлеует шыңы 2012 жылы 3,4 млрд. \$ құрады, бұл көрсеткішті 2011 жылғы саладағы өнімдердің өнімділігімен байланыстырамыз, ал бұл көрсеткіш 2016 жылы 2,1 млрд. \$ құрады. Жалпы экспорттың 6%-ын ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорты құрайды. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорт негізін дәнді-дақылдар құрайды, соңғы 10 жылда елімізге орташа есеппен 1 млрд. \$ көлемінде кіріс кіргізді, сонымен қатар ұн және ұн өнімдерінің көлемі жалпы жиынтық экспорт көлемінің 60%-ын құрады. Ал 2015 жылдан бастап, Қазақстан бидай өнімін экспорттайтын алғашқы он мемлекеттің қатарынан шығып қалды. Сонымен қатар біздің елімізде өндіріген өнімдердің, соның ішінде өсімдік шаруашылығының өнімдерінің әлемдік нарықтағы бағасының төмендеуі экспорт көлемінің азаюына әкелді, ал әлемдік деңгейде сиыр етінің бағасы өзгеріссіз қалды да, ал құс етінің бағасының арту үрдісі байқалады.

2016 жылы Қазақстандағы ауыл шаруашылығы саласындағы инвестиция көлемі 228 млрд. теңгені құрап, жалпы саладағы инвестиция көлемі өткен жылмен салыстырғанда 48% артты. Сонымен қатар осы жылы жиналған бидай көлемі 23,7 млн тоннаны құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 3млн 900 мың тоннаға артық және көкөністер 3,6 млн тонна, ал бақша дақылдары 2,2 млн тоннаны құрады.

Тұжырымдар. Соңғы жылдары еліміздегі ауыл шаруашылығы саласындағы еңбек ететін шаруа қожалықтары кооперативтерге бірігуде. Өйткені бұл экономикалық жағынан тиімді болып келеді. Елімізде агроөнеркәсіптік кешендерді дамытудың мемлекеттік бағдарламасының негізінде мал шаруашылығының тиімділігін 40%-ға, ал өсімдік шаруашылығын 30%-ға арттыруға бағытталды. Сонымен қатар мемлекет тарапынан қаржылай көмек 7 есеге артып, ауыл шаруашылығы саласындағы шаруа қожалықтарының 67-ден 500 мың көлемге артты.

Сонымен қатар Қазақстандағы ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемі 30%, 3,3-дан 4,3 трлн теңгені құрайды деп жоспарлануда. Көрсетілген көрсеткіштерге қол жеткізу үшін, өнімдерді өндіруге 1200 кооперативтер қатысады деп күтілуде.

Көрсетілген межеге қол жеткізу үшін, аймақта қолайлы іскерлік жағдаят қалыптасуы қажет. Сыбайлас жемқорлықтың етек алмауы, экономикалық қылмыстардың болмауы, құзырлы органдардың бизнестің заңды негізінде «көлеңкелі» сызбаларды қолданбай жүргізілуіне қызығушылығының болуы қажет. Сонымен қатар жергілікті билік агрокластерді қолдау қажет, немесе мемлекеттік реттеу керек, сонымен қатар кластерге (мемлекеттік-жекеменшік әріптестік) тікелей қатысуын қолдауға тиіс.

Ауыл шаруашылығы саласында отандық өнімдердің бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі, өндірістің экономикалық тиімділігінің мардымсыздылығы және инфрақұрылымының дамымауы әсерінен Қазақстанның агроөндірістік кешендерінде, кластерлік жүйені пайдаланудың қажеттілігі туындайды.

Елімізде, астық, сүт, мақта-тоқыма, жеміс-жидек пен көкөніс және т.б. кластерлерін қалыптастырудың ұйымдастырушылық және экономикалық алғышарттары бар.

Сонымен бірге, біз келтірген саладағы өндірілген өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үрдісін жүргізуде, кездесетін кедергілерді былайша топтастыруымызға болады:

■ бірінші: тұрғындардың әлеуметті жағдайы, кадрлардың біліктілігі, шаруа қожалықтарының техникалық және реттеу сияқты экономикалық кедергілер;

■ екінші: инновациялық жаңалықтарды, соның ішінде саладағы ғылымға негізделген жаңа технологияларды енгізуде кездесетін кедергілер – кәсіпорындарда болатын техникалық инфрақұрылым – бәсекеге қабілетті өнімді өсіру үшін, тұқымнан дайын өнімге дейін дайындау үрдістері коммуникация бағытындағы көлденең (байланысты-

